

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ

УНИВЕРСИТЕТІ  
Қиял туралы

түсінік

Орындаған: Алқабек М.Т.

Тексерген: Абдраманова  
Д.Е.

# Қиял дегеніміз не?

Елестетулердің негізінде бұрын соңды болмаған, қабылданылмаған заттар мен құбылыстардың жаңа бейнесін жасауын **ҚИЯЛ** деп атаймыз. Қиял — сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс: «...барлық жан қуаттарын (рухани күштерді) тек қиял ғана өзіндік сақталатын сөзімдік заттарды модельдендіре алады» (әл-Фараби). Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады.



# *Қиял және қазақтың ауыз әдебиеті*

Қиял ұғымы бізге ертеден-ақ таныс. Себебі қазақ халқы бұл ұғыммен психологиялық тұрғыдан зерттелмей жатқан кездің өзінде жақын таныс болатын. Оның дәлелі – қазақ ауыз әдебиетінің мол қорында жатыр деп ойлаймын. Қазақтар о бастан «әу демейтін қазақ жоқ», -демекші, барлығы да ән-жырға, өлеңге, поэзияға жақын болып келеді. Олар балаларына кішкентайынан ертегі айтып беріп өсіреді. «Қиял-ғажайып ертегілер» өмірде болмаған дүниелер, біз айтып отырған «қиялдың» көмегімен жүзеге асып құрастырылған. Осындай ертегілерді балаларға тыңдату арқылы біз олардың қиялын ұшқыр және терең ете аламыз. Сонымен қатар, өтірік өлең де қиялдың көмегімен шығарылады. Яғни, өмірде жүзеге аспаған нәрселерді болғандай етіп суреттейді, бүкіл фантазиясын іске қосады. Бұның барлығы қазақ өмірінде қиялдың үлкен маңызға ие екендігінің көрінісі десем, артық айтпағандығым.

# Қиялдың түрлері:

Ерікті қиял

Еріксіз қиял

Қиял процессі ерікті(мақсатты) немесе әдейі жасалуы бойынша бөлінеді.  
Еріксіз(мақсатсыз)жасалынған қиялға түс жатады. Себебі, онда образдар әдейіленіп жасалынбайды, және де күтпеген қызықты жағдайларға тап болады.

# Ерікті қиял

Ерікті қиялдың адам үшін маңызы зор. Қиялдың бұл түрі адамның алдында өзі қойған немесе басқа біреуден тапсырылған міндет бойынша белгілі-бір образдарды жасау мақсаты туған кезде көрінеді. Бұл жағдайда қиял адамның өз арқылы бақыланады және бағытталады. Ерікті қиялдың көптеген түрлері мен формалары арасынан жаңадан жасалынған қиял, шығармашылық қиял және арманды бөліп қарауға болады.

Қайта жасау қиялы адамға өзінің суреттеуіне толықтай сәйкес келетін объектіні жасау қажеттілігі туған кезде пайда болады. Қиялдың бұндай түрімен, географиялық орын немесе тарихи оқиға туралы суреттеуді оқыған кезде әдебиет кейіпкерлерімен танысу кезінде кезігеміз.

Ерікті қиялдың келесі түрі шығармашылық қиял. Ол адамның жоқ үлгі бойынша жаңа образды жасауымен сипатталады. Шығармашылық қиял да еспен тығыз байланысты, себебі оның көрінісінде адам өзінің бұрынғы тәжірибесін еске алады. Сондықтан да қайта жасау қиялы және шығармашылық қиялдың арасында айқын шекара жоқ.



## Еріксіз қиял


Еріксіз қиял дегеніміз – алдын ала мақсат қоймай, ерік-жігер жұмсамай іске асатын қиялдың түрі.

# Арман

Қиялдың ерекше түрі-**арман** болып табылады. Қиялдың бұл түрінің мәні жаңа образдарды жеке өзіннің жасауында. Арманның шығармашылық қиялға қарағанда бір қатар айырмашылықтар бар. Біріншіден, арманда адам өзі тілеген образды жасайды, ал шығармашылық қиялда адам әрқашан өзі қалаған нәрсесін жасай бермейді. Арманда адамды өзіне тартатын, өзі тырысатын белгілі-бір тілек жатады. Екіншіден, арман-шығармашылық іс-әрекетке қосылмаған қиял процессі, яғни көркем шығарма ғылыми ашулар, техникалық ойлау табу т.б. түріндегі тез арада және тікелей объективті өнім бермейді

Арманның негізгі ерекшелігі, оның болашақтағы іс-әрекетке бағытталғандығында, яғни арман-өзін қалаған болашаққа бағытталған қиял. Адам көп жағдайда болашаққа қатысты өз жоспарын құрады да арманында сол ойлағанын жүзеге асыру үшін жолдарды қарастырып, айқындайды. Бұндай жағдайда арман белсенді, ерікті саналы процесс болып табылады.

Бірақ кейбір адамдар үшін арман тек іс-әрекеттің орнын ауыстырушы ретінде ғана қолданылады. Олардың армандары тек арман күйінде ғана қалады. Мұндай құбылыстың себептерінің бірі, олардың әрдайым сәтсіздікке ұшырауында. Бірқатар сәтсіздікке ұшырау нәтижесінде адам өз жоспарын жүзеге асырудан бас тартады да, тек армандап ғана жүреді. Мұндай жағдайда арман саналы, ерікті процесс ретінде, бірақ аяқсыз қалатын процесс ретінде көрінеді. Арманның бұл түрі тек негативті құбылыс ретінде қаралмайды. Бұның позитивті мәні организм жүйесін реттеу механизмдерін сақтап, қамтамасыз етуінде. Мысалы: Сәтсіздік көп жағдайда адамның негативті психикалық күйге түсуіне ықпал етеді, яғни дискомфорт немесе депрессивті реакцияға түседі. Өз кезегінде негативті психикалық күй адамның әлеуметтік- психологиялық адаптациясындағы қиындықтарға себепші болатын, дезадаптивті бұзылулар мен қандай да бір аурудың преморбидті сипаттамасын қалыптастыратын факторлардың бірі ретінде көрінеді. Бұндай жағдайда арман пайда болған проблемалардан уақытша кете тұруды қамтамасыз ететін психологиялық



# Қиял бейнелерінің жасалу жолдары:

Қиял бейнелерінің жасалу жолдары Қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі агглютинация деп аталады. Осы әдіс арқылы мифологиялық, бейнелер (кентавр, сфинкс, жезтырнақ) мен түрлі механизмдердің, машиналардың конструкциялары (амфибия танк, судан өте алатын жеңіл танк, аэрошана суға қонып, ұша алатын самолет) құрастырылады. Агглютинация әдісі ежелгі Мысыр елінде, сондай-ақ, Солтүстік Америка индеецтерінің өнер ескерткіштерінен үлкен орын алған.



# Адамға тән қиялдың ерекшеліктері

Әр адамның қиял ерекшеліктері оның жеке қызығулары мен қасиетгеріне, алдына қойған мақсатына байланысты болып келеді. Бұл арада суды аңсап шөлдеген жолаушының қиялы мен екі-үш күннен кейін емтихан тапсыратын студенттің машинасының тетігін жетілдіруді ойлап жүрген инженердің қиялын салыстырып көруге болады; қиялдың мазмұны мен формасы адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты. Мәселен, көргені де, түйгені де көп, өмір тәжірибесі мол, әр тарапты білімі бар ересек адамның қиялы мен енді ғана өмірге аяқ басайын деп тұрған жеткіншектің қиялын бір өлшемге салуға болмайды; қиял адамның өскен ортасына, этностық ерекшелігіне, табиғат, жер-су қоршауына байланысты да көрініп отырады. «Жаратылыстың құшағында, деп жазады М. Жұмабаев, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті».

## Қиял бейнелерін қалыптастыру кезеңдері:

Мектепке дейінгі кезең

Мектеп жасындағы кезең

**Мектепке дейінгі кезеңде** ойынның, сабақтың үрдісінде, тәрбиенің нәтижесінде балада белгілі түсініктердің көлемі жинақталады, ойлауы дамиды, жаңа қажеттіліктері пайда болады, белсенділігі артады, ал осымен байланысты оның қиялының қызметі жан-жақты және мазмұндырақ бола түседі.

Мектепке дейінгі кезеңнің алғашқы жылдарында қиял үрдістері ерікті іске аса бастайды, демек, алдын ала қойылған мақсат бойынша жұмыс жасайды.

Бұл кезеңде баланың қиялы үлкендермен тілдік қарым-қатынаста аңғарылады және дамиды. Балалар шет елдер туралы, батырларымыздың соғыстағы ерліктері туралы әңгімелерді қызыға тыңдайды. Ерекше қызығушылықпен ертегілерді тыңдауға әуес келеді. Олар өздері айтқанды да жақсы көреді.

# Мектеп жасындағы кезең

**Мектеп жасындағы кезеңде** қабылдаудың одан әрі дамуы негізінен, оқытудың әсерімен іске асады. Бала мектепке жеткілікті дамыған қиялымен және әртүрлі түсініктерімен барады. Бірінші сыныпта оқу материалын негізінен көрнекті меңгереді, тек қабылдаулары мен елестетулеріне негізделіп қоймай, сонымен қатар қиял арқылы жасалатын елестетулерге негізделеді.

Пәнге қызығу жағдайында жеткілікті елестету арқылы білімді меңгергенде жаңа бейнелер еріксіз жасалады – мұғалімнің түсіндіруінің немесе оқулықтың мәтінінің әсерімен.

Мектеп жасында қиял шәкірттердің ойын әрекетінде одан әрі дамиды. Жоғары сыныптың мектеп оқушыларының қиялының іс-әрекеті негізінен болашақтың бейнесін жасауға бағытталған.

Қиялдың **жан-жақтылығы** оның іс-әрекетінің кеңінен таралатын салаларының қамтитын шеңберімен анықталады.

Қиял образдарының ішіндегі ең күрделі түрінің бірі – **типтік образдар жасау** болып есептеледі. Типтік образдар жасауда бірінші орындағы – адамның нақты бейнелері

## Қиялдың ерекшеліктері

**Галлерцинация** дегеніміз – перцептивті іс-әрекеттің патологиялық бұзылуы. Жүйке жүйесі ауруы кезінде адамның шындық заттарды қабылдауда иллюзиялардың болуы.

Қиял **күшті және әлсіз** болады. Қиял арқылы жасалынған бейнелер шындықты қабылдауға қаншалықты жақындығына байланысты қиялдың күші анықталады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!